

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Сократ пен Платон: от пен күн. 2-бөлім

1-тарау. Антикалық философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 2. Сократ пен Платон: от пен күн. 2-бөлім

Этика

Сократтың негізгі идеясы: адам ол – микрокосм, яғни шағын ғарыш. Күллі ғарыш туралы білімді адам өзінің ішкі әлеміне үңіліп, өзін-өзі тану арқылы ғана алуы мүмкін. Оның басты қағидасына айналған Дельфи ғибадатханасындағы «Өзіңді өзің таны» деген жазудың да сыры осымен байланысты. Себебі ертедегілер қоғам деп дүниенің біртұтас болмысын түсінген, яғни олар үшін қоғам дегеніміз – ғарыштық тәртіптің бір түрі. «Космос» сөзі грек тілінде тәртіп, реттілік дегенді білдіреді. Көне гректер ғарыштағы сол тәртіп пен тепе-теңдік, үйлесімділікке таңғалады. Соған қарап әскери тәртіп орнатып, мемлекет құруды көздейді. Әйелдердің бет-жүзін әрлеп, тәртіпке келтіретін керек-жарағының «косметика» аталуы да сондықтан.

Сократтың этикасына сәйкес, ізгілік дегеніміз – ақиқат, даналық. «Тек даналар ғана, – дейді ол, – ізгіліктің не екенін біледі. Ненің жақсы, ненің жаман екенін ажыратып бере алады». Ойшыл ізгіліктің үш түрін ерекше бөліп қарастырады. Олар – қанағат, батылдық, әділеттілік. «Қанағатшыл адам құмарлықты қалай ауыздықтау керек екенін біледі». «Батыл адам, – дейді, – қауіп төнген жағдайда не істеу керектігін біледі». «Ал әділетті адам, – дейді, – адамгершілік және тәңірі заңдарын қалай ұстану қажеттігін біледі».

Сократты негізінен толғандыратын мәселелер: адам табиғаты, оның терең мәні болатыны. Ойшылдың айтуынша, адамның терең мәні – оның жан дүниесінде. Ал адамның жаны – ол оның ойлауға деген қабілеті, оның парасаты, адамгершілікке негізделген жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті. Адамды дене ретінде емес, сана ретінде түсіну керек. Ол өз-өзін санасы арқылы сынай алатын, ар-ұжданы бар тұлға. Олай болса, адамның жан-дүниесін тәрбиелеу қажет, оны өсіп-өндіруіміз керек. Өз қаласының адамдарына арнап ол былай дейді: сендер өз денелеріңді я болмаса байлықты, басқа керек заттарды бірінші ретте ойламаңдар, ең алдымен өз жан дүниелеріңді тәрбиелеп өсіріп, тазалаңдар, өйткені ізгілік байлықтан емес, байлық пен басқаның бәрі ізгіліктен шығады, – дейді.

Сократтың ойынша, ізгілік әрқашанда білім, ал залымдық – надандық. Басқаша айтқанда ол үшін ақиқат пен ізгілік ұғымдары ажырамас бірлікте. Адам ізгілікті болу үшін ақиқатты іздейді, ал ақиқатты білу үшін де адам ең бірінші ізгілікті болуы қажет.

Ешкім де саналы түрде жамандық жасамайды, ал жамандық жасайтындар оны білмегендіктен жасайды дейді. Ізгілік дегеніміз – жақсылықты білу және соның негізінде іс-әрекет ету; батылдық – ол қауіп төнген жағдайда не істеу керектігін білу; әділетті адам өзінің мемлекетпен қарым-қатынасын біледі т.с.с. Оның себебі, ізгіліктің табиғаты жөнінде адамдар ойланбайды, өйткені олардың көпшілігі әдет-ғұрып арқылы беріледі. Ал егерде біз оларды ақыл-оймен танып білсек, онда біз өзіміздің жан дүниемізді байытып жамандыққа бара алмаймыз.

Сократтың ойынша, адамның ең тамаша қасиетінің бірі – өз-өзін ұстауы. Қандай көңіл күйде болсаң да – шаттық, қайғы-қамығуда да, неше түрлі құштарлықта да адам өзін-өзі билеп ұстауы қажет.

Сократтың өлімі

Спартамен соғыстағы жеңілістен соң орныққан олигархия кезеңінен кейін, б.д.д. 399 жылы Афина демократиясы қалпына келді. Қайта жаңғырған демократияның саяси көшбасшылары Сократты сотқа берді. Тағылған айып, ең алдымен, саяси себептерден туындағаны күмәнсіз. Ол саяси сәтсіздіктердің бірқатарына жауапты болған Алкивиадтың да, олигархтар ішіндегі ең қаталы Критийдің де ұстазы еді. Айыптаушылар Сократ сотқа қарамай, Афинадан өз еркімен кетіп қалады деп күтті. Бірақ философ Афинада қалды және сотта өзін-өзі қорғады. Алқабилердің көпшілік даусымен Сократ өлім жазасына кесілді. Дәстүрге сәйкес, ол балама үкім ұсынуға құқықты болды. Бұл жағдайда қомақты айыппұл төлегені немесе өзін Афинадан қуу туралы үкім шығарушылармен келіскені әлдеқайда жөн болар еді. Оның орнына Сократ өлім жазасын адамның күлкісін келтіретіндей аз мөлшердегі айыппұлмен алмастыруды сұрады. Мемлекеттің діни салтына сәйкес, жазаны орындау бір ай мерзімге ысырылды. Сократ қашуға көмектескісі келгендерді де тыңдаған жоқ. Оның бұл дүниедегі өмірінің соңғы күні



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 2. Сократ пен Платон: от пен күн. 2-бөлім

Платонның «Федон» сұхбатында баяндалған. Ойшыл ол күнді достарымен жанның мәңгілік екені, өлмейтіні туралы пікірталас жүргізумен өткізді. Түрме қарауылы әкелген ұды философ асықпай ішіп, қайтыс болды. «Критон, біз Асклепийге бір тауық қарызбыз. Берсеңдерші енді, ұмытпаңдаршы». Бұл оның соңғы сөздері екен.

Сократ және грек қоғамы

Осы жерде гректердегі полистік сана дегеніміз нені білдіреді, сондай-ақ, Сократтың мемлекетпен қарым-қатынас, адамгершілік және тәңірі заңдарын қалай ұстану қажеттігін біледі деп есептеген әділетті адамы кім деген сұрақтарға жауап бере кетсек. Бұл жайында отандық ғалым, мәдениеттанушы Әуезхан Қодар антикалық философия мен мәдениеттің білгірі Алексей Лосевтің мұндай сананы космологиялық сана деп атағанын айтады.

Оның мәні жеке бастамашылықтың болмауы, тағдырға мойынсұну, ата-баба рухтарына сыйыну, дінді берік ұстану сияқты қағидалар үстемдік еткен ұжым немесе қоғамда адамның өзінің еркіндігі мен жеке-дара тұлғалық өзіндігін, менін жоғалтып, көптің арасына мидай араласып кеткендігін білдіреді. Әуезхан Қодар мұнда гректердің полистік санасы туралы айтқанда, ондағы мифологиялық таным, мифтік санаға сәйкес олардың тағдыр, жазмыш туралы түсініктерінің біртіндеп-біртіндеп, басында Мойра мен Эринейлар, кейін Дике мен Метрон, одан кейін Ананке, ең соңында Номос, яғни заң дегенді білдіретін түсініктермен алмасып, трансформацияланғанын түсіндіруді көздейді, яғни бастапқы кезде тағдыр, жазмышты білдірген түсініктер, келе-келе заң ұғымына алмасады. Ол қоғамның матриархаттан патриархатқа өткен кезеңін де белгілейтін құбылысқа жатады. Осы негізде гректер үшін, ұжым немесе қоғам, мемлекет дегеніміз – адам болса, ондағы заңдар дегеніміз – оның тағдыры, маңдайына жазылған жазмыш болып шығады. Сондықтан да гректер үшін заңға бағыну мен тағдырға мойынсұнудың маңыздылығы теңдей болған.

Гректердің тағдыр туралы түсінігі екіұшты болып келеді. Бір жағынан адам жазмыштың алдында қауқарсыз, оған толығымен бағынышты болса, екінші жағынан ол өзінің тағайындалуына қарай белгілі бір дәрежеде еркін, өз тағдырын өзі жасауға, өзгертуге ерікті болып саналады.

Бұл жайында Гегель ертедегі гректердің қандайда бір шешім қабылдамастан бұрын, жеребе тастап, сәуегейге жүгінетінін, гректік санаға тән, сол кездегі халықтың маңызды мәселелерге орай шешімді өздері емес, сыртқы бір фактілердің анықтауына тәуелді болған ерекшелігі деп көрсетеді, яғни Сократтың грек жұртындағы ең ақылды адам екенінін Херефонттың дельфийлік сәуегейден сұрап білетіні сияқты, көптеген жағдайларда гректер сәуегейлерге жүгінетін болған. Бұл гректердің білім, ғылымнан гөрі тылсым күштерге сеніп, соларға жүгінгенін ғана емес, көнеден келе жатқан халықтық таным, мифтік санаға негізделген құндылықтарға деген сенімі, ата-баба дәстүрі мен өмірлік тәжірибені ескерген даналық түсінігі деуге де болады.

Жалпы грек қоғамында көпқұдайлық сенім үстемдік етті дегенімізбен, сол адамдар бейнесіндегі, әрі адам бойындағы түрлі қасиеттер мен кемшіліктердің де қорғаушысы, қоғам мен табиғаттағы түрлі құбылыстардың да иесі саналатын сансыз көп құдайлардан бөлек, олардан жоғары тұратын, және сол құдайлардың өзі бағынатын ең ұлы қажеттілік, тағдыр, жазмыш болып табылатын Құдірет туралы түсінік те қалыптасқан. Түрлі қасиеттер мен кемшіліктердің дейтініміз, Платон жазатын Порос – байлық, қиындықтан шығудың жолы дегенді білдіреді. Ал Пенія болса, қайыршылықтың, жоқшылықтың, олармен байланысты өмірдегі барша қиындықтың құдайы деуге болады. Осы екеуінен туған ұлды Платон Эрот деп жазады. Өзге мифтерде оны Кроностың ұлы дейтіндер де бар. Оның жазғанына сүйенсек, ол махаббаттың, даналықтың құдайы. Ойшылдың: «Философия – даналықты сүю. Бірақ ол көрінгеннің қолындағы құралға айнала алмайды. Ол көп білетін, ақиқат білімге ие адамға керегі жоқ. Ондай адам жоқ, ол тек құдай болуы тиіс. Сондай-ақ, ол ештеңе білмейтінге де қажетсіз. Философ осы екі процестің ортасында тұр. Бір жағынан, көп білетін, толық, абсолютті білімге ие болған адам емес, екінші жағынан, ештеңе білмейтін, білімнен құр алақан қалған жан да емес. Сөйтіп, білмеушіліктен білімге қарай, аз білуден көп білуге қарай ұмтылады» деп философ



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 2. Сократ пен Платон: от пен күн. 2-бөлім

болмысын түсіндіргенде айтатыны осы Эрос болатын, яғни оның әкесі байлық, қиындықтан шығар жол болғанымен, анасы оның қайыршылық, жоқшылық. Бұл адам болмысының рух пен дене, жан мен тән дихотомиясындағы қарама-қарсылықтардың, бірі Құдай ұғымымен байланысты – барша ізгілік, асқақтық, биіктік атаулыға меңзейтін рух, идея сияқты жоғары құндылықтарға жатса, екіншісі, оның денесі мен тәні табиғи қажеттіліктермен байланысты барша құмарлық, құлқын, пендешілік сияқты материалдық әлеміне жатады деуге болады.

Сократтың өмірін үлкенді-кішілі диалогтардың тізбегі десек, солардың ішіндегі ең сәтсізі мемлекетпен құрған диалогы деуге болады. Сұхбат құрушыларға ешқандай ирония да, логика да жәрдемдесе алмаған. Себебі олар бір-біріне тең емес еді. Сократқа мемлекетті өз дегенінінен қайтарудың орайы келмеген.

Ол өмір сүрген уақыт Афинаның Перикл билік құрған ең гүлденген дәуірімен де, кейінгі тирандар билік басына келіп құлдыраған кезеңімен де тұспа-тұс келді. Афина екі жүз мыңнан астам халқы бар қала мемлекет болатын. Оның отыз мыңдайын қоғамның саяси өміріне қатысуға құқықты еркін азаматтар құраған. Мемлекеттің қалған бөлігі қарт адамдар, әйелдер мен балалар, құлдардан тұратын. Сократ қарапайым отбасынан шыққанымен де сол отыз мың еріктінің қатарына кірді. Сондықтан да ол Пелопонесс соғысының Потидея, Амфиполь және Делий жорықтарына қатысады. Себебі құлдардың соғысқа қатысуға да құқықтары болмаған. Ерікті адамдар өз қару-жарағы, мініс ат сияқты барлық керек-жарақпен өзін-өзі қамтамасыз етуі тиіс болған.

Сократ дүние есігін ашқанда грек-парсы соғысының естелігі әлі де қарттардың есінде еді. Ол Периклдың досы болды. Афиндықтармен бірге Пелопонесск соғысын бірге өткерді. Қоғамдағы демагогтарды әшкерелеп, жастарды тәрбиелеумен айналысты. Мемлекеттік басқаруда охлократия мен тиранияның өрістеген кезеңіне куә болды. Ол қоғамдағы ақсүйектердің түрлі жиындарында болды, гетериялардың, яғни партиялардың қатарына кірді. Бір сөзбен айтқанда, оның бар ғұмыры өзі өмір сүрген қоғамымен біте қайнасып жатты.

Периклдың көзі кеткеннен соң, Афинадағы оның бар ғұмырын арнаған мемлекеттік басқару формасының да күні бітеді. Осы уақытта демагогтар – мылжындарға, әскербасылар – тирандарға айналып, тектілердің орнын – ақшасы барлар басады. Халық билігі – тобырдың билігіне айналады. Жұрт енді саясатпен тек атаққұмарлықтан ғана емес, көзтоймаушылық, пайдакүнөндіктен айналысады. Қысқа мерзім аралығында көптеген билік формалары бірін-бірі алмастырып жатады. Мұның барлығы бұрынғы патриоттардың ендігі жерде бәрінен күдер үзіп, сенімнен айырылған бейсаяси жандарға айналуына әкеледі.

Осындай заманда өмір сүрген Сократтың мемлекетпен арақатынасы қатты шиеленіскен еді. Оны өлім жазасына кесетін Афинадағы б.д.д. 399 жылы өтетін сотта оған қарсы куәлік етіп, айыптаушылардың қатарында сол кездегі грек қоғамындағы бірі ақын, бірі тері илеуші кәсіпкер, енді бірі саудагер Мелет, Анит, Ликон, сондай-ақ өзінің «Бұлттар» деген шығармасында Сократты нағыз софист әрі жастарды бұзып жүрген алаяқ етіп суреттеген комедиограф Аристофан да болған.

Гегельдің сөзімен айтқанда, Сократ мәселесі бойынша, екі түрлі, бірақ екеуінің де өз әрекетін заңды деп тануға толық құқықтары бар, яғни бір жағынан жеке адамның субъективтік бостандығы принципі болса, екінші жағынан, дәл сондай, полистік объективтік тәртіп қақтығысы орын алады. Ойшылдың субъективтік бостандық принципіне сол замандағы грек қоғамы мен афиналық полистік тәртіп ұстанымы қарсы тұрады. «Мұнда, – дейді Гегель, – Афина халқы сол кездегі полистік тәртіпке жат, қабылданбайтын өрескел, әрі қылмыс есебіндегі сократтық принципке қарсы шығуға құқықты ғана емес, оны қатаң айыптауға да міндетті болды». Бірақ мұндай жазалауда жаңа принциптің өзі емес оны жасаушы, өмірге әкелушінің көзі жойылады. Гегель бұл мәселеде Сократ пен Христос тағдырын салыстырады. Екеуінің де ұлы принцип жолында құрбан болғандығын, бірақ соңдарында жарқын істерінің мәңгіге қалғанын айтады.

Экзистенциалист ойшыл Лев Шестовтың «Тиянақсыздық апофеозы» атты шығармасында да Сократқа қатысты тың ойлар кездеседі. Ғалым: «Платонның Сократтың өлер алдындағы айтқан сөздері жайындағы әңгімелерін оқып шығу қандай қиын десеңізші! ...Мүмкін Платонға соншалықты сене беруге де болмайтын болар. Сократ Платоннан жазып алынған диалогтарға байланысты: «Осы бір жас жігіт маған қаншама өтірік айтты десеңізші» деп айтты деген қауесет те бар». Тағы бірде ойшыл: «Өнегеліліктің іргетасы шайқала бастады, Отанға өлім қаупі



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 2. Сократ пен Платон: от пен күн. 2-бөлім

төнді. Дәл осындай қилы замандағы Сократтың басты міндеті – софистердің шектен шыққан индивидуализмі мен релятивизмі алып келген дәл осындай ауытқулар мен келеңсіздіктерге жол бермеу болатын. Ал ұлы дана болса, бәрімізге белгілі, қолынан келгеннің бәрін де жасады. Ол өзінің отбасын да, қызметін де тастап, қарапайым адамдар мен атақтыларды да, ақылдылар мен ақымақтарды да, білімділер мен білімсіздерді де талмай-жалықпай оқыта берді, оқыта берді. Бірақ ол қаншама тырысқанымен де өз Отанын дәл осындай былық-шылықтан құтқара алмады. Периклдың заманында Афина қаласы даналықсыз-ақ немесе Сократтың данышпандығына тәуелді болмай-ақ гүлденген көрінеді. Периклден кейін, оның ілімін одан әрі жалғастыратын ұлы ойшыл Платонның болуына қарамастан, Афинаның рөлі мен күш-қуаты күн сайын төмендей береді және бұл кезде Аристотель Филипп Македонскийдің ұлының тәрбиешісі болатын. Демек, ойшылдың ұлылығы отанды құтқаруға бағышталғанымен де, оның бұл қасиетінің маңызының өзі де дәл осында болғанымен де, оны құтқара алмады. Олай болса, оған деген дәстүрлі табынушылықтың ендігі жерде қажеттігі бола қояр ма екен, әлде оны ақтап алудың өзіндік себептерін іздестірген жөн бе? Біздің ойымызша, осы айтылғандардың ең соңғысы дұрыс болар еді. Алайда бұл тәсіл өте қауіпті. Әдетте даналық өз бағытымен жүреді де, ал қоғам өз бетінше дамиды. Оларды жасанды түрде қосатын халық пен философтарға ой салып қана қоймай, өздеріне қажетті жағдайлардың бәріне иегерлік етіп отырған шешендер болып табылады. Нақтырақ айтсақ, қоғамдық пайда да, мораль да, және метафизикалық даналық та осы шешендердің үлесінде болды. Олардың қоғамдағы үлесі осыншама неге көп болып келеді? Егер Афина Сократтың даналығының нәтижесінде күйреген күннің өзінде де, бұл жағдай оның жағдайына нұқсан келтіре алмайды. Өзіндік ой толғамы бар адам дәл осылай пайымдауы керек деп жазады.

Афиналық саяси тәртіпке аса күшті қауіп төндірген сократтық тұлғаның субъективтік өзіндік сана бостандық принципі бүкіл кейінгі ақыл-ой дамуы мен адамзат тарихында өз ізін қалдырып, жалпыға ортақ тұлға бостандығы принципіне айналды. Одан кейінгі философтардың да, әсіресе сократтық философиялық мектептердің осы жағдайдан кейін мемлекет пен саяси істерден мүлдем алшақтап, тұңғыық ойға шомып, адамның ішкі әлеміне үңілген ұстанымға бекінгенін көруге болады. Сократты Афиналық саяси тәртіпке қарсы келгендігі үшін, оны барша мемлекеттік құрылым, ондағы заң атаулының бәріне бірдей қарсы тұрды деуге болмайды. Ол мемлекет пен оның заңдарын сынағанымен де, оларды ешқашан теріске шығармаған. Мемлекетті – адам, ал оның заңдарын – тағдыр, жазмыш деп түсінген. Сократ үшін мемлекетті теріске шығару, заңдарын мойындамау деген сөз – өмірдің өзін терістеу, адам болмысының қоғамдық мәнін терістеу болып шығады. Сондықтан да ол айыптаудан қашып, алыс бір елге кетіп қалуға мүмкіндік болып тұрса да Афинадан кетпейді. Үкімнің орындалар сәтін тосады. Себебі ол адам өмірінің шынайы мәнін әлеуметтіктен көрген еді, яғни Сократ адам өмірінің мәні оның қоғамдағы орны, өзге адамдармен қарым-қатынасы, ұжымда, қоғамда, мемлекетте өмір сүріп, мақсат, мұратына жалғыз өзі емес, ел-жұртымен бірге жеткенімен байланысты екенін түсінді.

Егер ол үшін ізгілік дегеніміз – білім болса, онда философиясының мәнін, адам өмірінің мағынасы ізгілікті болуында да, зұлым болуында да емес, оның өзін-өзі үнемі дамытып, руханилық жағынан жетілдіре отырып, мәңгі ақиқатты іздеу, қоғам өмірін ғарыштық тәртіп пен табиғаттағыдай жарасым, үйлесімділікке негізделген, адамдар бақытты өмір сүретін, болашақ әділетті қоғам құруға деген батыл ұмтылыс болды дей аламыз.

Сократтың ақиқатқа ұмтылуы

Сократ өз даналығын жоққа шығарды. Оны адамгершіліктің негізі не екені қызықтырған жоқ, бірақ өз сұхбаттастарымен бірге адасқан ойлардың астарындағы жасырын ақиқатты табуға тырысты. Философ объективті ақиқаттың бар екені жайлы ой-пікірден шабыт алды. Ол адамның дұрыс әрекетінің негізін қалайтын білім ғана екеніне және адамның жақсы өмірі ненің дұрыстығын білуге байланысты екеніне сенді. Ойшыл интеллектуалдық мұқияттылықтың, ақиқатқа адалдықтың үлгісі болды.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 2. Сократ пен Платон: от пен күн. 2-бөлім

Түйін

Ол ғылыми жаңалықтарға қарағанда, этикалық мәселелерге көбірек қызықты. Сократ ұсынған үлгі немесе диалектикалық әдіс логикалық сенімділік пен анықтамалардың дәлдігін сақтауға көмектесе алады. Алайда бұл әдіс маңызды емес мәселелерде ұсақ-түйек нәрселерге орынсыз шұқшиюға ұрындырады. Адамдар өз ұстанымдарын қорғауға тырысатындықтан, белгілі бір жағдайларда осының бәрі пікірталастарға және қарсы сөз айтуға итермелейді. Сонда, сіздің ойыңызша, жаңа фактілерді қалай зерттеу керек? Ол үшін ең қолайлы әдіс-тәсіл қайсысы? Сократ анықтаманың ерекше маңызын атап көрсетті. Барынша тиянақты анықтамалар жасаған кезі сирек болса да, ол, негізінен, этикалық ұғымдарға анықтамалар іздеумен айналысты. Неге? Сіз біреумен адамгершілік мәселелерін талқылап, дауласқан кезде білім алуға емес, басқалардың ойының қате екенін және сіздің жеке пікіріңіздің дұрыстығын дәлелдеуге көбірек мүдделісіз. Сократтың көзқарасы бойынша, ізгілік дегеніміз – білім. Бұл ақиқат тұжырым ба? Кез келген жағдайда қалай әрекет ету керек екенін, ол әрекеттің нақты қандай болатынын алдын ала білуге бола ма? Тіпті бұл әрекет өз мүддесіне қайшы келіп жатса да, ізгі адам дұрыс әрекет етуге тырысқаны жөн бе?

Платонның үш сұхбаты

Ұлы адамның адамдарға нені және қалай үйреткені туралы қандай да бір түсінік беру үшін біз Платонның Сократ туралы үш сұхбатына қысқаша шолу жасайық. Олардың бәрі – оның алғашқы сұхбаттары. Олар Сократтың ойларына негізделген секілді. Кейінгі сұхбаттар Платонның өз пайымдарына көбірек ұқсайды.

Менон

Менон Сократтан ізгілікке қалай жетуге болатынын сұрайды. Оған сұрақ қоя отырып, Сократ оның не айтқысы келетіні түсініксіз екенін байқайды. Менон «ізгілік» сөзінің өзін осы ұғымның мағынасын көрсету үшін қолданады, жекелеген мысалдар келтіріп қана қояды немесе анықтамаларды қайталай береді. Сократ: «Адам не туралы білгісі келетінін білмесе, нені сұрау керек екенін қайдан біледі?» – дейді. Ол: «Адам жаны өлмейді, жанның көшуі барысында біз ғалам туралы білім аламыз», – деп болжам жасайды. Осылайша бұл дүниедегі біліміміз – жанымыз болған кезімізде білгендеріміз туралы естеліктерімізді ояту болып шығады. Сократ ізгілік – білім болған жағдайда ғана танылады деген қорытынды жасайды. Алайда ізгілік пен адамгершілікке үйретуге қабілетті ұстаздар жоқ. Ізгілік – Құдайлар жіберетін сый.

Горгий

Сократ пен Горгий нанымды сөйлеу өнері жайлы пікірталас жүргізеді. Ойшылдың пікірінше, шешен өзінің не туралы айтып тұрғаны жайлы білмесе, мұны наданның наданды үйретуінің мысалы деп айтуға әбден болады. Егер адам әділеттілік туралы айтса, оның әділет туралы түсінігі болуы тиіс. Риториканың сотта ұстанымды дәлелдеу үшін қолданылғанын ұмытпаңыз; әділеттілікке қызығушылық осыдан туындайды. Сіз әділеттілік туралы білетін болсаңыз, сіз – әділсіз; демек, әділетсіздікке төзе алмайсыз. Егер кімде-кім әділетсіздікке жол берсе, ол не туралы айтып тұрғанын білмей сөйлейді. Адамдардың бәрі қандай да бір игі ниет үшін әрекет етуге тырысады. Егер олар ізгіліктің не екенін толық білмей әрекеттенетін болса, өздері қалаған ізгілікті жасай алмайды. Біз бұрыс іс жасасақ, оны зұлымдық істегенімізді білмегеніміздің нәтижесінде жасадық. Осыдан шығатыны: жаман әрекет үшін берілетін жазаның мақсаты – түзеу болуы тиіс. Жазадан құтылып кеткеннен гөрі, өз әрекеттерің үшін жазаланғаның дұрыс. Сократ шешендік өнер адамдарды әділетсіздіктің не екенін түсінуге ұмтылдырып, одан айығу



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 2. Сократ пен Платон: от пен күн. 2-бөлім

үшін қолдану қажет дейді. Калликл болса, әділеттілік – күштінің ұстанатын ережесі деп ойлады; ал Сократ даналық – нағыз күш дейді. Калликл кез келген данагөй бұ дүниедегі игіліктерден рақаттануға ұмтылады деп тұжырымдайды. Сократ рақат пен аурудың ізгілікпен және зұлымдықпен бірдей еместігін көрсетеді.

Апология

Дельфилік сәуегей Сократты өз заманының асқан данагөйі деп жариялады. Оның айтуынша, егер ол басқалардан ақылдырақ болса, бұл – өзінің білімсіздігінің деңгейін білгендіктен ғана. Платон жазған бұл сұхбат ақыры өлім жазасымен біткен айыптауларда Сократтың өзін қалай қорғағанын көрсетеді. Ол өзі туралы жалған қауесет таратқан, бұған сенбейтін, өздерін данамыз деп есептейтіндер – оларға даналықтың кәдімгідей жетіспей тұрғанын өзі көрсете алған адамдар деп тұжырымдайды. Өзі араласып жүрген жастарды азғындату өте ақымақтық болар еді дейді, өйткені, қатыгез және жемқорлыққа батқан адамдар өзімен достасқандарға да аз зиян тигізбейді. Сократ: «Мемлекетті әлсіз де қорғансыз күйге түсірген мен болсам, ол қалай әлі өмір сүріп жатыр?» – деп сұрайды. Ойшыл мемлекеттегі ең мазасыз адам ретінде марапатталуы керек еді. Өлім жазасына кесілген бойда-ақ Сократ: «Адам өлімнен қорықпауға тиіс, – деді, – себебі өлім дегеніміз – тәннің жойылуы, ал одан қорқудың қажеті жоқ. Басқаша айтқанда, өлім деген тыныштық әлеміндегі өзгеріс болса, онда біз игі жандардың ортасында өзіміздің бар болуымызды жалғастырамыз».

Қорытынды

Сократ үшін философия көбіне этикалық мәселелерге байланысты еді. Ол адамдарға ақиқатқа жетудің дұрыс жолын нұсқағаны үшін айыпты болды. Оның пікірінше, этика – білімнің мәселесі, сондай-ақ ол «Мен қайдан білемін?» және «Мен не білемін?» сияқты сауалдардың жауабын іздейді. Сократ философиялық идеяларын, басқа да философтар сияқты, өзі өмір сүрген әлеуметтік ортада сарапқа салды. Өйткені олар өздерін айналасында болып жатқан әлеуметтік мәселелерден оқшаулайтын және қорғайтын қабыршақта тірлік кешкен жоқ. Сондықтан олар осы мәселелерді бірінші кезекте қойып отыруға мәжбүр болды. Пікірталас жүргізе білу өнерін бір ұстанымды қолдау үшін де, оған қарсы шығу үшін де қолдануды үйреткен адамдардың арсыздығы мен әділетсіздігі Сократты қатты ойландырды. Ол ақиқатқа осындай тәсілдермен жетуге болатынына күмәнданды. Оның әдісі – сұрақ қою, күмән келтіру.